

№3 ХАТТАМАСЫ

Кентау қаласы

21.11.2023ж.

Қатысқандар: Исмагулова Ж.С.- АҚ төрағасы, доцент м.а., Қазбекова Г.Н.- кафедра меңгерушісі, доцент м.а, Жунисов Н. М. - PhD, аға оқытушы, Амиртаев К. Б. - аға оқытушы, Садыбеков Р.Ш. - аға оқытушы, Абибуллаева А., - PhD, аға оқытушы, Аманов Ә - PhD, аға оқытушы, Искендірова Г.С.- аға оқытушы, Исаков Даврон - МАЖ-311 тобының 1 курс магистранты

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. ББ әзірлеудегі ескерілетін негізгі мәселелер тақырыбына семинар, тренинг ұйымдастыру.
2. АКТ даярлау бағытына кіретін ББ бойынша докторантураға түсушілерге арналған емтихан бағдарламасы мен сұрақтар тізімін жаңарту.
3. Оқыту нәтижелеріне қол жеткізуді бағалау әдістерін және құралдарын талдау.
4. ББ мазмұнын жобалау тақырыбына семинар, тренинг ұйымдастыру.
5. Қараша айында атқарылған іс шаралар нәтижесін талдау

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша АҚ төрайымы Ж.С.Исмагулова:

АКТ бағытындағы ББ мазмұнын жобалау тақырыбына семинар, тренинг ұйымдастыру туралы айтты. «Ақпараттық – коммуникациялық технологиялар» даярлау бағыты бойынша бакалавр деңгейіндегі ББ мазмұнын жобалау тақырыбына семинар, тренинг ұйымдастырылғанын айтты. 2023-2024 оқу жылына түзілген семинар, тренингтің жоспарымен таныстырды.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша АҚ төрайымы Ж.С.Исмагулова: Докторантураға түсу емтихан бағдарламасы мен сұрақтары туралы пікірін ортаға салды. 2023-2024 оқу жылында АКТ даярлау бағытына кіретін ББ бойынша докторантураға түсушілерге арналған емтихан бағдарламасы мен сұрақтар тізімін қайта қарауды ұсынды. Осыған сәйкес *Ақпараттық – коммуникациялық технологиялар даярлау* бағыты бойынша білім бағдарламасына сәйкес емтихан бағдарламасы дайындалып, оған кіретін «Ақпараттық жүйелер негіздері» және «Математикалық моделдеу негіздері» пәндері бойынша сұрақтар тізімі жаңартылып, ұсынылуы тиіс екендігін атап өтті.

Қазбекова Г.Н.- кафедра меңгерушісі, үшінші мәселе бойынша: Оқыту нәтижелеріне қол жеткізуді бағалау әдістерін және құралдарын талдау туралы айтты.

Оқу нәтижелері Б.Блум таксономиясының деңгейлерімен сипатталады: білімді түсіну, қолдану, талдау, синтез, бағалау. Оқыту нәтижелері ретінде оқу және кәсіптік қарым-қатынас саласында тұлғааралық және әлеуметтік өзара іс-қимыл жасау қабілеті, сондай-ақ одан әрі жеке жетілдіру бағдарламаларын әзірлеу кезінде жеке білім жетістіктерін талдау және бағалау қабілеті сипатталады. Оқыту нәтижелері білім беру бағдарламасын құруда да, оқыту мен бағалау әдістерін таңдауда да негізгі нұсқаулық болып табылатындығын жеткізді. ББ мазмұнын жобалауда назарға алуды ұсынды.

АҚ мүшесі Амиртаев К.Б. үшінші мәселе бойынша: ББ мазмұнын жобалау тақырыбына семинар, тренинг ұйымдастыру туралы атап өтті.

Күн тәртібіндегі бірінші мәселеде ББ мазмұнын жобалау тақырыбына семинар, тренинг ұйымдастыру атап өтілгендігін жеткізді. Жоспар бойынша семинар, тренингтер ұйымдастырылғандығын айтты.

АК төрағасы Исмагулова Ж.С. күн тәртібіндегі мәселелерді қорытындылай келе, қараша айына жоспарланған жұмыстардың барлығы орындалғандығын жеткізді.

Шешім:

1. ББ әзірлеудегі ескерілетін негізгі мәселелер тақырыбына семинар, тренинг ұйымдастыру назарға алынсын.
2. АКТ даярлау бағытына кіретін ББ бойынша докторантураға түсушілерге арналған емтихан бағдарламасы мен сұрақтар тізімі жаңартылсын.
3. Оқыту нәтижелеріне қол жеткізуді бағалау әдістерін және құралдарын талдау нәтижелері болашақта ББ әзірлеуде ескерілсін.
4. ББ мазмұнын жобалау тақырыбына семинар, тренинг ұйымдастыру назарға алынсын.
5. Қараша айында атқарылған іс шаралар есебі қабылдансын.

Ақпараттық – коммуникациялық технологиялар
бағыты бойынша Академиялық комитет төрағасы:



Ж.С.Исмагулова

Хатшы:



Г.С.Искендірова